

"Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілердің) оңалтушы (конкурстық) басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1223 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 868 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілердің) оңалтушы (конкурстық) басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1223 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 59, 834-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілердің) оңалтушы (банкроттықты) басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілердің) оңалтушы (банкроттықты) басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау қағидалары бекітілсін.»

;

көрсетілген қаулымен бекітілген Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілердің), оңалтушы (конкурстық) басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілердің), оңалтушы (банкроттықты) басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілердің) оңалтушы (банкроттықты) басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және стратегиялық объектілердің меншік иелерінің (құқық иеленушілердің), оңалтушы

(банкроттықты) басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау тәртібін айқындайды.»;

2-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) банкроттықты басқарушы – банкроттық рәсімін жүзеге асыру үшін оналту және банкроттық саласындағы уәкілетті орган тағайындаған тұлға.»;

2-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілердің), оналтушы (банкроттықты) басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау тәртібі»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға не оларды иеліктен шығаруға рұқсат алу үшін Стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленуші), оналтушы (банкроттықты) басқарушы не кепіл ұстаушы уәкілетті органға осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті және тізбесі Заңның 188-бабының 1 және/немесе 2-тармағында көзделген құжаттарды жібереді.»;

көрсетілген Қағидаларға қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілердің) оналтушы (банкроттықты) басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау қағидаларына қосымша».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов